

Қазақстан Республикасының Әдіlet Министрлігі	
Манғыстау облысының Әдіlet департаменті	
Мұнайлы ауданының Әдіlet басқармасы	
2019	Ж. 29, «шілде»
ЗАҢДЫ ГҮЛГА МЕМЛЕКЕТТИК	
КАЙТА ТІРКЕУДЕН ӨТКІЗЛІП	
№ 36-1943-08-702 қызметтік жөне	
БСН № 990 740 002 134 берілді	
АПГАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 06.04.1999 ж.	



Манғыстау облысы әкімдігінің
2019 жылғы «9» 07
№140 қаулысымен бекітілген

**Манғыстау облысының білім басқармасының
«№3 арнайы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
ЖАРҒЫСЫ**

Ұйымдық – құқықтық нысаны:

мемлекеттік мекеме (ММ)

Мемлекеттік меншік түрі:

коммуналдық

Орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы
Манғыстау облысы, 130006
Мұнайлы ауданы,
Дәulet ауылдық округі,
Дәulet ауылы,
24 орам, №55 ғимарат

2019 жыл

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Маңғыстау облысының білім басқармасының «№3 арнайы мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар мен жасөспірімдерге кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек көрсету функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мекеме Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы «5» наурыздағы № 65 қаулысымен құрылды.

4. Мекеменің құрылтайшысы Маңғыстау облысының әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы) болып табылады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Маңғыстау облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы:

мемлекеттік тілде: Маңғыстау облысының білім басқармасының «№3 арнайы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Специальная школа №3» Управления образования Мангистауской области.

7. Мекеменің тұрған жері: 130006, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Дәulet ауылдық округі, Дәulet ауылы, 24 орам, №55 ғимарат

2-тaraу. Мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

9. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі акшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3-тарау. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мекеме қызметінің мәні дамуында жеңіл және орташа ақыл-ойы кенжелеп қалған ауытқушылығы бар балаларды оқыту мен еңбекке даярлаудың құралдары арқылы түзету.

13. Мекеме қызметінің мақсаты ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар адамдарға олардың білім алуы, дамуындағы ауытқуды түзетуі және әлеуметтік бейімделуі үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз ету.

14. Мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) білім алушыларға білім беру барысында зияткерлік бұзылулар бар білім алушының жеке басын психологиялық-медициналық-педагогикалық жанжақты зерделеу, оқыту-тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың түрлері мен әдістерін ұйымдастыру;

2) білім алушылардың мүмкіншілігі мен жеке дара ерекшеліктерін анықтау жүзеге асырылады, соның ішінде сөйлеу тілін дамыту, моторика және зерде бұзылыстарын түзету жұмыстарын жүргізу арқылы білім алуға деген ынталылық сінірледі, оқу қызметіне дағдылары өз бетінше дербестігі қалыптастырылады.

3) білім алушылар психофизикалық мүмкіндіктеріне сәйкес тәжірибелік бағытқа, әр түрлі бейіндегі еңбек дағдыларына, кәсіптік даярлығы бар білімге әзірлігін алады.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеме 7 жастан 18 жасқа дейінгі ақыл-ойы кенжелеп қалған балалардың тәрбиеленіп, оқытылатын білім беру бірлестігі болып табылады.

16. Дамуында ақыл-ойы кенжелеп қалған балаларды оқыту бір кезеңнен тұрады:

I кезең – I- IX сыныптар, X сынып.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге 7 жастан 18 жасқа дейінгі өзіне қызмет ете алатын немесе өзіне қызмет ету дағдыларына үйренуге қозғалу мүмкіндігі бар, өз бетінше жүріп-тұра алатын, келесі ауру түрлері бар ақыл-ойы кенжелеп қалған мынадай балалар қабылданады:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар;

2) үш жастан кейін пайда болған инфекциялық, улы, травматикалық және басқа да аурулармен шартталған зерде жеткіліксіздігі (жеңіл ақыл-ой кемістігіне теңелген);

3) эпилептикалық, шизофрениялық ақыл-ой әлсіздігімен, жеңіл ақыл-ой кемістігі барға теңелетін зерде жеткіліксіздігі бар аутистикалық спектрлық бұзылулар;

4) орташа ақыл-ой кемістігі бар және оған теңелген әр түрлі генездегі зерде жеткіліксіздігі бар балалар.

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде Санитарлық қағидаларға сәйкес:

1) женіл ақыл-ой кемістігі бар 10 баладан артық емес;

2) қалыпты ақыл-ой кемістігі бар 6 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

18. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мектепалды даярлық сыныбына оқуға даярлығы жеткіліксіз деңгейдегі балалар қабылданады. Бірінші сыныпқа жетіден тоғыз жасқа дейінгі балалар қабылданады.

Материалдық-техникалық және оқу әдістемелік жағдайлар болған кезде мектепте терендетілген енбек даярлығы бар оқу-өндіріс кабинеттері үйымдастырылады.

19. Орташа ақыл-оны кемістігі бар білім алушылардың оқуы білім алышының жетістіктерінің талдауын ескере отырып, жарты жылдыққа құрылған жеке бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мектептің педагогикалық кеңес шешімі бойынша женіл және орташа деңгейдегі ақыл-ой кемістігі бар балалар бірігіп оқытылады.

21. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде екінші жылға (қайта оқыту) қалдырылмайды.

4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

22. Мекемені жалпы басқаруды заңнамасына сәйкес Маңғыстау облысының білім басқармасы жүзеге асырады.

23. Құрылтайшы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) Мекемеге мүлікті бекітіп береді;

3) Мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

4) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

24. Маңғыстау облысының білім басқармасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуды тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

2) Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындаиды;

3) Мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

4) Мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындаиды және лауазымынан босатады;

5) Жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

6) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

7) Осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

25. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жергілікті атқарушы органы және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

26. Мекеменің басшысы Мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, Білім басқармасына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және Мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

27. Мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

28. Мекеме басшысының мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

29. Мекеменің қызметін жүзеге асыруы барысында Мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың озге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бүйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Білім басқармасының келісу бойынша тағайындейтын қызметкерлерден басқа, мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелей және жазалау шараларын қолданады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің озге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқынрайтады;
- 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және Білім басқармасы жүктелген озге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

30. Мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де каржыкөздересебінен құрылады.

31. Мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге белінген күкіфы жок.

32. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, Мекеменің қызметі жергілікті атқарушы органның бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.

33. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

34. Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

35. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына кайшы келмеуі тиіс.

7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

36. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады, және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуіріндегі «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңға сәйкес аймақты тіркеу органдарында тіркеледі.

8-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

37. Мемлекеттік коммуналдық мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды Маңғыстау облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

38. Мемлекеттік занды тұлға, заннамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

39. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік мекемені мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

40. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

9-тaraу. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

41. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Басшы _____
Т.А.Ә.А. (болған кезде) _____ қолы

нөмірленді, баууланды

пронумеровано, процифровано

